

## **Әлібекмола және Кеңқияқ /тұзды/ мұнай кен орындарын игеру туралы**

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 25 шілде N 930. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.01.31. N 134 қаулысымен.

Ақтөбе облысындағы Әлібекмола және Кеңқияқ /тұзды/ мұнай кен орындарын пайдалануға беруді жылдамдату мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп конкурс шартында Әлібекмола және Кеңқияқ /тұзды/ мұнай кен орнын игеру жөніндегі мұнай компаниясын айқындасын.

2. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі конкурс нәтижесінің негізінде Әлібекмола және Кеңқияқ /тұзды/ мұнай кен орнын игеруге үкіметтік лицензия беру үшін қажетті материалдарды әзірлесін.

3. "Мұнай кен орындарын беру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 5 тамыздағы N 680 қаулысының;

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1995 жылғы 13 қаңтардағы N 10 өкімінің күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі